

Ш.Батталова атындағы тірек мектебінің (РО)

2022-2023 оқу жылының психологиялық жылдық есеп

Психологиялық қызметтің басты мақсаты:
Оқу- тәрбие үрдісінде педагогикалық –психологиялық заңдылықтарды ескере отырып ,жеке тұлғаны қалаптастыру ,оқушының шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту.

Психологиялық қызметтің міндеттері:
-Білім беру жүйесінің барлық қатысушылары оқушыларға,мұғалімдерге, ата-аналарға қажетті психологиялық көмек көрсету.
-Тұлғаның дамуының барлық жас ерекшелік кезеңдерінде оқушылардың зияткерлік, жеке тұлғалық және кәсіби дамуына қолдау көрсету:
-Оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау.

Күтілетін нәтиже:
Дарынды оқушыларды анықтап , жұмыс жүргізу. Оқушылардың сенімділігін арттыру барысында жұмыс атқару.

Психологиялық қызмет жұмысының бағыттары:
-Психодиагностикалық бағыт
-Ағартушылық-профилактикалық бағыт
-Психологиялық кенес беру бағыты
-Түзете-дамытушылық бағыты
-Әлеуметтік -диспетчерлық бағыт

Психодиагностикалық бағыт бойынша атқарылған жұмыстар
Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларының 2022-2023 оқу жылы 1,5 және сынып оқушыларының бейімделуінен басталды. 1 сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында«Мектеп суреті»,»Отбасы сурет», «Не жетпейді ?Не артық?» Керн – Ирасек тесті әдістемелері алынды.Бақылау барысында төмендегідей нәтижелер көрініс алды: оқушылар жаңа талаптарға, ортаға, жалпы мектеп қабырғасына әлі толық дерлік бейімделген жоқ, олар үшін жазу дәптерімен, оқулықтағы мәтінмен жұмыс әлі де қиындау, себебі мектепалды даярлық сыныбында талаптар өзгешелеу болған. Сонымен қатар ұстаздарының дауыс ырғағына, сөйлеу мәнеріне әр оқушы әр түрлі үйренісіп келеді..

«Мектептің суреті» әдістемесі

Мақсаты: Баланың мектепке деген көзқарасын, қарым – қатынасын анықтау.

Оқушыға мектептің суретін салу тапсырмасы беріледі. Суретті әсемдеп, түрлі – түсті қарындашпен бояу жұмыстары жүргізілді. Барлығы 49 оқушы қатысқаны 49 оқушы;жоғары-31 оқушы 63,3%;орташа-12 оқушы 24,4%;төмен-6 оқушы 12,3%

Нәтиже	Бала саны	%
Жоғары	31	63
Орташа	12	25
Төмен	6	12



«Не жетпейді ?Не артық?»әдістемесі оқушылардың қабылдау ерешеліктігін анықтау мақсатында алынып,нәтижесі анықталды. Сыныбы: 1 «А» «Ә» «Б»

Жалпы оқушылар саны: 49 Қатысқан оқушылар саны: 45

Нәтиже	Бала саны	%
Жоғары	27	60
Орташа	12	26,6
Төмен	6	13,4



«Отбасы әдістемесі» Сыныбы: 1 «А» «Ә» «Б» Жалпы оқушылар саны: 49

Қатысқан оқушылар саны: 46

Нәтиже	Бала саны	%
Жоғары	27	58,7
Орташа	14	30,5
Төмен	5	10



Керн – Ирасек тесті бойынша мектептік жетілгендікті анықтау
 Мақсаты: 1 сынып оқушыларының мектептік жетілгендікті анықтау. Сыныбы: 1 «А» 1»Б» 1»Ә» Жалпы оқушылар саны: 49; Қатысқан оқушылар саны: 49

Нұсқау: Балаға 3 – тапсырма беріледі.


- 1) ер адамның фигурасын салу.
- 2) жазылған мәтінді имитациялау, яғни бейнелеп жазу.
- 3) берілген нүктелер тобын көшіріп жазу.

Керн – Ирасек тесті бойынша мектептік жетілгендігін анықтау	«Мектеби – жетілген» балалары) (Жоғары)	«Орташа – жетілген» балалары) (Орташа)	«Жетілмегендер» (Төмен)
Оқушылар саны: 49	35	11	3
Пайызы	71,4%	22,5%	6,1%






Қорытынды: 1 сынып оқушыларының мектептік жетілгендікті анықтау мақсатында Керн – Ирасек әдістемесі жүргізілді. Балалардың мектепке даярлығы жақсы деп бағаланды. Бұл тапсырмаларды орындау барысында балалардың нәзік қимыл әрекеттерінің үйлесімділігі, үлгі бойынша тапсырманы орындай алатындығы, психикалық әрекеттерінің ырықтылығы сипатталды.

Оқушылардың мектептегі мотивациясының деңгейін тексеру Н.Г. Лусканованың сауалнамасы бойынша жүргізіледі, ол 10 сұрақтан тұрады, бұл балалардың мектепке және оқу процесіне қатынасын, мектеп жағдайына эмоционалды жауап беруді жақсы көрсетеді. Ұсынылған техниканың авторы баланың мектеп ұсынған барлық талаптарды жақсы орындауға және өзін жақсы жағынан көрсетуге деген ынтасының болуы оқушыны қажетті ақпаратты таңдауда және есте сақтауда белсенді болуға мәжбүр ететінін айтады. Оқу мотивациясының төмен деңгейімен мектеп үлгерімінің төмендеуі байқалады. Әдістеме 4 сыныптар қолданылады. Оқушы саны 43; Қатысқаны 43 оқушы. 51% мектепте мектептегі мотивацияның оқу белсенділігінің жоғары деңгейі; 44% оқудың жақсы мотивациясы; 4% мектепке деген оң көзқарас бірақ, сабақтан тыс жақтарымен көбірек тартады.






Э.Ф.Замбацявичененің 2-4 бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой дамуы деңгейін анықтаудың стандартталған әдістемесі . Оқушы саны-88; Қатысқан оқушы саны -82. 3-ші сыныптардың нәтижесі 98 % Ақыл-ой дамуының деңгейі жоғары, 2%-орташа ; 4-ші сыныптардың нәтижесі 97 % жоғары, 3% –орташа.







2 сыныптар нәтижесі : Барлығы 48 оқушы; 83% жоғары ; 17% -орташа




5-9 сынып оқушылары арасында «Темпераментті анықтау» Айзенк әдістемесі ,«Социметрия» әдістемесі , Филипс тесті алынды. Мақсаты: Ұжым мүшелерінің бір-бірімен эмоционалдық байланысын анықтау және татулығын өлшеу.Сыныбы: 5 «А»»Ә»Б» Жалпы оқушылар саны: 51;Қатысқан оқушылар саны: 51 :Бағалау шкаласы: 6 және одан да көп- жұлдыздар; 3 – 5 қалаулылар;1 – 2 қалаусыздар; 0 шектеулілер





Мектептегі мазасыздану деңгейін анықтау Филипс тесті .Мақсаты:
Оқушылардың мектеппен байланысты мазасызданудың деңгейі мен сипатын
білу. Оқушылар саны: 51;Қатысқан оқушылар саны: 48



6-10 сынып оқушыларының оқуға эмоционалдық қарым-қатынасының және оқуға деген түрткісінің диагностикасының әдістемесі (модификация А.Д. Андреева) алынды.Қатысқаны 215 оқушы.





Ағартушылық-профилактикалық бағыт

«Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрілігінің 25.08.2022ж.№377 бұйрығына сүйене отырып ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс «Көңілкүй» тренингімен басталып, алдын ала құрылған мектеп жоспарына сай өтті.



Мектеп бойынша «Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту, деструктивті мінез-құлықтың алдын-алу» бағдарламасы бойынша жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Бағдарлама аясында ата-аналарды

жоспарланған жұмыстармен таныстыру, осы бағдарламаға балаларын қатыстыруға келісімдерін алу, келісім, келісім бермеу парақшаларын тапсыру жұмыстары жүргізілді.



Желтоқсанның 1-жұлдызында Дүниежүзілік СПИДке қарсы күрес күніне орай 9-11 сынып оқушылар арасында «Спид ғасыр дерті» тақырыбында жиін залында жиналыс өтті. 11 сынып оқушылары «Есірткі – жас өмірді улаушы» атты көрініс көрсетті. Нашақорлар жайында фильм бейнероликтер ұсынылды. 5-8 сынып оқушыларына мектеп медбикесінің қатысуымен нашақорлық қауыпты дерт туралы айтылып, алдын алу жұмыстары жүргізілді.





«Интернеттің пайдасы мен зияны «Әлеуметтік желілердегі адам өміріне қауіпті ойындардан жасөспірімдерді сақтандыру» мақсатында педагог-психолог Бекишева И.Р және 10-ші сыныбынын жетекшісі Какенова Ж. К.«Қауіпсіз интернет» тақырыбында баяндама оқып, «Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны» туралы бейнебаян көрсетіп, түсіндірме жұмыстары жүргізді . **Мақсаты:** Кәмелетке толмағандардың, агрессивті әлеуметтік мазмұнының әсері проблемасын түсіну деңгейін арттыруға бағытталған ақпараттарды жеткізу, әлеуметтік ресурстарды тиімді пайдалану мәдениетін, кәмелеттік жасқа толмағандардың интернет желілеріне кіру белсенділігін бақылауға қатысты қызметтерді ересек адамдардың жауапкершілігін жоғарылату.



«Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында оқушылармен дебат, пікір талас және жиналыс өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу. Түсіндірме жұмыстарын кентіміздің учәскілік полициясы Танатбаев Д.М. мектеп педагог-психологі Бекишева И. тәрбие ісінің орынбасары Абжанова А. Р. жүргізді.



«Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу жұмыстары» туралы жүргізілді.

Жасөспірімдер мен балалардың өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу іс-шараларын іске асырылды.

Дөңгелек үстел: Суицид. Суицидтің психологиялық мағынасы.

Өмірге құштарлық (баяндама)

Бейнематериал «Без рук, без ног»

«Менің өмірге деген көзқарасым» психологиялық сауалнама

«Өзіне өзі қол салғандар көбейіп барады» баяндама оқылды.

Халықаралық отбасы күніне арналған құттықтау үнқағазы шығарылды. Мектепке алғашқы келген ата-аналармен «Отбасы-өмір аясы» тақырыбында әңгіме жүргізіліп, ата-аналарға психологиялық кеңес өткізіліп, «Бақытыңды

балаңнан ізде», «Ата-анаға он талап», «Баланың ашуын қалай басу керек?», «Отбасы-өмір аясы», «Ата-ананың балаға психологиялық көмегі» тақырыптарында жаднамалар таратылды .

Психологиялық кеңес беру бағыты

1 сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейі (ата-аналар жиналысы)бастауыш сынып педагог психолог Джексембаева М.М. 1 сынып Оқушыларынын ата- аналарымен жиналыс өткізді.Жиналыс барысында Танысу тренингін өткізді .Ата-аналарға (А4 форматты) парақ беріледі. Әрқайсысы сол қағазды екіге бүктеп, бірінші жағына ата-ана өзінің есімін үлкен етіп жазып, екінші жағына баласының атын жазып, баласын неге теңейтінін суретін салып, таныстырады. Педагог –психолог оқушылардын бейімделу процесіне туралы көп ұсыныс айтты.



Халықаралық отбасы күніне арналған құттықтау үнқағазы шығарылды. Мектепке алғашқы келген ата-аналармен «Отбасы-өмір аясы» тақырыбында әңгіме жүргізіліп, ата-аналарға психологиялық кеңес өткізіліп, «Бақытыңды балаңнан ізде», «Ата-анаға он талап», «Баланың ашуын қалай

басу керек?», «Отбасы-өмір аясы», «Ата-ананың балаға психологиялық көмегі» тақырыптарында жаднамалар таратылды .

Буллинг, кибербуллингтің алдын алуға кеңес

Буллингтің алдын-алу бойынша 8-11 сынып оқушылардың арасында іс-шаралар өтті. Оқушыларға буллингтің және кибербуллингтің зардаптары туралы толық мағұлмат берілді .Оқушылардың буллингке деген ойларын көз қарастарын сұрақтар арқылы анықтап «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында бейнеролик көрсетілді. Сынып жетекшілер «Буллингтің адам өміріне әсері?» тақырыбында презентация көрсету арқылы сынып сағаттарын өткізді .



Ата-аналардың қатысуымен оқушылардың ҰБТ-ға тиімді дайындалуда көмек көрсету мақсатында өткізілген жиналысқа қатысып ата-аналармен оқушылардан бірдей сауалнама алынып ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас анықталды. Қорытындысында бала мен ата-ана арасында тығыз байланыс жасалған, ата-ана балаларының білім сапасын қандай деңгейде екенінен хабардарлығы, балаларының ҰБТ-ға қатысуын қолдайтыны Мектептегі ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын қанағаттанатындарын анықтады.Психолог тарапынан ата-аналарға ҰБТ-ға тиімді дайындалуда көмек көрсету үшін кеңестер таратылып тренинг жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың қобалжудың күштену белгілерін анықтау мақсатында сауалнама алынып қорытындысы жасалды.Қобалжудың алдын алу мақсатында тренинг элементтерін қолдана отырып «Ашулы шар», «Аяқталмаған сурет», «Менің көңіл-күйім» тақырыбында жұмыстар

жүргізілді. Жиналыстарға 11 сынып оқушылары, пән мұғалімдері мектеп әкімшілігі қатысты.



Жас мамандарға психологиялық көмек көрсету

Мақсаты: Жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Айналамыздағы адамдармен қарым – қатынасымыз қандай, олар кімдер, біз кіміз, өзімізді өзіміз танимыз ба?, – деген сұрақтарға жауап іздеп, тұлғаның адами көзқарасын анықтау. Жас мамандарға кеңестер беру. Жас педагогтардың кәсіби күйзелісте қалуының алдын алу. «Мұғалім мектеп жүрегі, көңілді жүрсін үнемі. » психологиялық тренингі өткізілді. «Профилактика эмоционального выгорания педагогов» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: Мұғалімдерге күйзеліске теориялық тұрғыда хабар беріп, оны бейтараптандыру мен шешу жолын көрсету, меңгерту.

Психологиялық түзету-дамыту бағыты

5-ші «А «Ә» сынып оқушыларымен «Біз біргеміз, берік іргеміз» тренингі өткізілді. Оқушыларды орта буынға оқу жағдайына бейімделу кезеңінде психо-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында түрлі жаттығулар өткізілді. мақсаты: Оқушыларға отан, отбасы, ұғымдарын қалыптастыру; Танымдық ойлау қабілеттерін арттыру; Топта жұмыс жасата отырып, бірінің пікірін бірі тындай білуге үйрету; Ата-ана мен оқушы арасындағы ізгі қарым-қатынастың орнауына ықпал ету. Отбасы құндылықтарын сақтауға үйрету. Елін, жерін, құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу.



5 «Б» оқушыларымен «Круг Дружбы» тренингі өтті. Тренингтің мақсаты: оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым – қатынасын нығайту; оқушыларды өзіншілдіктен, менмендіктен тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу; оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту.



Әлеуметтік- диспетчерлік бағыты

Ерекше білімді қажет ететін 24 оқушы. Оқу жыл басында ерекше білім қажет ететін оқушыларды анықталып, ата-анасы арқылы ПМПК-ға бағытталды. Жұмыс жоспары құрылды. Жоспар бойынша ерекше білімді

қажет ететін балалармен психокорекциялық жұмыстар өткізілді. Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту әдістерін қолдана отырып педагог-психолог Куанышева А.К. үнемі тығыз қарым қатынаста жүреді. Оқушылармен әр түрлі дидактикалық ойындар, тренингтер жүргізілді. Топтық жұмыс және әр баламен жеке жұмыстары өткізілді.



Үнемі ерекше білімді қажет ететін баланың ата-анасына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілді. Ата аналармен тренингтер : "Менің қолымнан бәрі де келеді" , «Сіз қандай ата-анасыз?» «Сіз және балаңыз бір-біріңізді түсіне аласыздар ма?» атты сауанамалар өткізілді.

